

"Дипломатиялық қызмет органдарында сынақ мерзімін өту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 244 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2015 жылғы 30 шілдедегі № 11-1-2/316 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 қыркүйекте № 11989 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № 11-1-2/273 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 20.06.2016 № 11-1-2/273 бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 5-тармағына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Дипломатиялық қызмет органдарында сынақ мерзімін өту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі № 244 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1848 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетені, 2002 жылғы № 30, 646 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 5-тармағына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :** » .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Әкімшілік және бақылау департаменті:

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы

істер министрлігінің жауапты хатшысы А.Б. Қарашевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
міндетін атқарушы *А.Волков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК